



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ
АДАМ ҚҰҚАҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ
БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫ
ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ



әрбір бала үшін
for every child
для каждого ребенка



PENAL
REFORM
INTERNATIONAL

БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ



БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

Брошюраны Орталық Азиядағы Penal Reform International (Халықаралық түрме реформасы) Аймақтық өкілдігі БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) Қазақстандағы Өкілдігінің қолдауымен Қазақстандағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің және Бала құқықтары жөніндегі уәкілдің кеңселерімен серіктестікте дайындады.

Басылым тегін таратылады.

Ақпаратты қайта басып шығару, дәйексез келтіру және өзге жолмен пайдалану кезінде осы жарияланымға сілтеме жасау міндетті.

Шығарылған жылы - 2023.



Төтенше жағдай? Бұл не?

Дүние жүзінде әртүрлі оқиғалар мен жағдаяттар болып жатады, өкінішке орай, адамға, адамдарға немесе бүкіл елге зиянын тигізуі мүмкін. Кейбір мұндай жағдайларда елде белгілі бір шектеулер уақытша енгізіледі. Сондықтан, мұндай кезде өз құқықтарың мен міндеттеріңді және қауіпсіздікте болу үшін өзіңді қалай ұстау керек екенін білу өте маңызды.



Заң несімен маңызды?



Заң - бұл әркім орындауға міндетті мінез-құлық және қарым-қатынас ережелері. Ал егер ережелер сақталмаса немесе бұзылса, заңдар жауапкершілікті белгілейді.

- Сен 18-ге толғансың ба?
- Төтенше жағдай дегеннің не екенін білесің бе?
- Балалардың қандай құқықтары мен міндеттері бар және ересектер қандай рөл атқарады?
- Сені қамауға алған жағдайда не істеу керек?

Жауаптарды осы брошюрадтан табуға тырысайық





Төтенше жағдай (бұдан әрі – ТЖ) – елде немесе оның жекелеген аймақтарында азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ сыртқы немесе ішкі қауіп-қатерлерден қорғау, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында енгізілетін ерекше құқықтық режим.

Төтенше жағдай азаматтардың, заңды тұлғалардың кейбір құқықтары мен бостандықтары шектелуі мүмкін екенін, сондай-ақ оларға қосымша міндеттер жүктелуі мүмкін екенін қарастырады.

Төтенше жағдай – уақытша шара. Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында енгізілген төтенше жағдайдың қолданылу мерзімі **30 күннен аспауы керек. ТЖ мерзімі қажет болған жағдайда ұзартылуы мүмкін, бірақ жекелеген аймақтарда 60 күннен аспайтын мерзімге және республика бойынша 30 күннен аспайтын мерзімге ұзарта алады.**

Төтенше жағдайды енгізудің негіздері, мерзімдері, тәртібі мен іс-қимылдары **2022 жылғы 11 шілдедегі соңғы өзгертулерімен «Төтенше жағдай туралы» 2003 жылғы 8 ақпандағы № 387** Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген. Төтенше жағдайды енгізудің құқықтық негізі Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Төтенше жағдай туралы» Заң және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері болып табылады.

Қазақстан жер сілкінісі, сел, көшкін, су тасқыны мен су тасқыны, орман өрттері, өте төмен және жоғары температура сияқты табиғи апаттарға шалдыққыш. Сонымен қатар, елге техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар (өндіріс пен тұрғын аудандардағы апаттар, оқ-дәрі қоймаларындағы жарылыстар, жол-көлік оқиғалары) тән.

ТЖ әрбір түрі үшін балалар мен ересектердің мінез-құлқы бойынша нақты ұсыныстар бар. Ықтимал дағдарыстар мен төтенше жағдайларға дейінгі кезеңде отбасы мен ұйымда төтенше жағдайлардың туындау қаупін және дайындық шараларын талқылауы керек, оның ішінде ғимараттардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жер сілкінісі қаупі бар аймақтарда ауыр заттар мен жиһаздарды бекіту; құжаттар мен алғаш кезде қажет болатын барлық заттар салынған шұғыл шабадан жинау, бір-бірінен ажырап қалу ықтималдығы кезінде жиналатын орынды талқылау және қажет болған жағдайда отбасы хабарласа алатын туыстары мен достарынның, жедел қызметтің телефон нөмірлерімен қамтамасыз ету.

ТЖ кезінде енгізілетін негізгі шаралар мен уақытша шектеулер: қауіпсіздікті күшейту; қозғалысты, оның ішінде көлікті шектеу; құжаттарды тексеру; жеке тексеру және т.б.

Қандай себептермен төтенше жағдай енгізілуі мүмкін?

1

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар: табиғи апаттар (жер сілкінісі, сел, қар көшкіні, су тасқыны және т.б.), табиғи өрттер, эпидемиялар, ірі авариялар (апаттар) және т.б.;

2

Конституциялық құрылысты күштеп өзгертуге, билікті басып алуға немесе ұстап тұруға әрекеттенуден, лаңкестік әрекеттерінен, жаппай тәртіпсіздіктерден, т.б. туындаған әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар;

3

Адам өліміне, денсаулыққа зиян келтіруге, елеулі мүліктік залал келтіруге немесе халықтың өмір сүру жағдайларын бұзуға әкеп соқтыруы мүмкін немесе әкелген жанжалдар;

4

Елдің экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіру.

¹«Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

Ата-аналар мен қамқоршылар үшін!



1. Төтенше жағдай кезінде балалар мүмкіндігінше, баланың игі мүдделері қағидасын ескере отырып, ата-анасының немесе қамқоршысының қадағалауынсыз қалдырылмау тиіс.

2. Бала, оның ішінде мектеп жасына дейінгі балалар жалғыз жүрген жағдайда ата-анасының немесе ересек туыстарының тегін, атын, әкесінің атын, мекенжайын, телефонын білуі тиіс. Сондай-ақ бұл ақпаратты баланың киімінің қалтасына жазба түрінде салып қою да маңызды.

3. Бала көшеде қалған кезде ешбір жағдайда өміріне қауіп төндіруі мүмкін бейтаныс немесе бөгде адамдардың заттары мен құрылғыларын алмауы тиіс!

4. Бала жастайынан таныс адамдардан немесе полиция қызметкерлерінен басқа бейтаныс адамдармен сөйлеспеуі керек және оларға ермеуі керек екенін білуі тиіс!

5. Ата-аналар мен қамқоршылар балаға төтенше жағдай кезінде үйден шығуға **ТЫЙЫМ САЛЫНАТЫНЫН** және үйден шығу **өте қауіпті** болуы мүмкін екенін нақты түсіндіруі тиіс! Аталмыш жағдайларға бала тұрған ғимаратқа жер сілкінісі, өрт және басқа да ТЖ салдарынан қирау қаупі төнген жағдайлар кірмейді. Мұндай жағдайда мүмкіндігінше (жер сілкінісі кезінде жоғары қабаттарда болуды қоспағанда) нысанды тастап шығып, отбасы немесе ұйым үшін аллдын ала белгіленген жерге бару керек.



Психологтың кеңесі:

1. Не болып жатқаны туралы балаларыңызбен олар түсінетіндей етіп сөйлесіңіз. Өзара диалогты қарапайым және баланың жасына сай жүргізіңіз.
2. ТЖ кезінде үрейді алатын жаңалықтарды қабылдау тіпті ересек адам үшін де ауыр, сондықтан, ата-аналар мен қамқоршылар ең алдымен ақпарат көздерін шектеп, өздері сенетін бірнешеуін ғана қалдырғаны жөн.
3. Балалар мен ересектерге әртүрлі қызметтердің қолжетімділігі, орналасқан жері және байланыс ақпараты және балаларды қорғау мәселелерін қалай хабарлау керек екені туралы ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік беру керек.
4. ТЖ кезінде бала да не болып жатқаны туралы ақпаратқа қол жеткізе алуы тиіс, ал ата-аналар балаларға алып жатқан ақпаратты дұрыс түсінуге көмектесуі маңызды.
5. Ата-аналар балалардың денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғалуын қамтамасыз етуі керек.



1. Балалар зорлық-зомбылықтың, қанаудың және қатыгездіктің барлық түрінен қорғалуы тиіс. ТЖ кезінде балаға зорлық-зомбылық көрсету қаупі артады.

«Зорлық-зомбылық» - физикалық немесе психологиялық зорлық-зомбылықтың, тіл тигізудің немесе қиянат жасаудың, қамқорлық көрсетпеудің, немқұрайлылықтың, дәрежеліктің немесе қанаудың, соның ішінде жыныстық зорлық-зомбылықтың барлық түрлері.

2. Ешбір бала азаптауға немесе басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын қарым-қатынасқа немесе жазалауға ұшырамауы керек. 18 жасқа толмаған тұлғалар жасаған қылмыстар үшін өлім жазасы да, босату мүмкіндігі қарастырылмаған өмір бойы бас бостандығынан айыру да тағайындалмайды.
3. Балалар заңгерлік көмек пен қорғауға, сондай-ақ балаларға мейірімді әділ сот жүйесі шеңберінде заңға қайшы әрекетке барған балаларға көрсетілетін көмекке қол жеткізе алуы тиіс.

Бас бостандығынан айырылған әрбір баланың заңды және басқа да тиісті көмекке жедел қол жеткізуге құқығы бар, сондай-ақ сотта немесе басқа құзыретті, тәуелсіз және бейтарап органда оны бас бостандығынан айырудың заңдылығын даулауға, кез келген осындай процессуалдық әрекет туралы кідіріссіз шешім қабылдауына құқығы бар.

4. Балалар қамауға алынған кезде кәмелетке толмағандар ісімен айналысатын заңгерлерге қол жеткізуге және адвокатпен құпия түрде кездесуге мүмкіндігі болуы керек.

5. **Ешбір баланы заңсыз немесе озбырлықпен орынсыз бас бостандығынан айыруға болмайды.** Қамау тек халықаралық стандарттарға сәйкес төтенше және уақытша шара ретінде қолданылуы керек.

Қылмыстық құқық бұзушылықты, онша ауыр емес немесе орташа ауырлықтағы қылмысты жасады деп айыпталған кәмелетке толмаған күдіктілерге қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасы **ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ.**

Кәмелетке толмаған күдіктіге немесе айыпталушыға қатысты бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу тек ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасады деп күдіктенгенде ерекше жағдайларда ғана қолданылуы мүмкін. Қамау түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған кәмелетке толмағандар ересектерден бөлек ұсталады. Сотқа дейінгі іс жүргізу кезінде кәмелетке толмағандарды қамауда ұстау мерзімі алты айдан артық ұзартыла алмайды.

Қамау түріндегі бұлтартпау шарасы кәмелетке толмаған тұлғаға істегі мән-жайлар бойынша басқа бұлтартпау шараларын қолдану мүмкін болмаған жағдайларда ғана қолданылады!

6. Балалардың бейбіт жиналыстар және өз ойын білдіру бостандығына құқығы бар.

7. ТЖ кезінде балалар ата-аналарының немесе ересек қорғаншыларының немесе туыстарының қамқорлығында болуы тиіс. Олар болмаған жағдайда жергілікті қорғаншылық және қамқоршылық органдарына дереу хабарлау қажет.

8. ТЖ кезінде және одан кейін балаларға, әсіресе, жалғыз жүрген балаларға, зардап шеккен балаларға және заңмен қатынасқа түскен балаларға кәсіби психологиялық көмек көрсетілуі тиіс.

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ, ТЕРІС ҚЫЛЫҚ, ҚЫЛМЫС

Осы үш ұғымның айырмашылығын білесіз бе?

Қылмыс - қылмыстық жаза (айыппұл, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу немесе одан айыру түрінде) қолдану қаупімен тыйым салынған, кінәлі, қоғам үшін қауіпті іс.

Қылмыстық теріс қылық - қоғамға үлкен қауіп төндірмейтін, жеңіл залал келтірген немесе залал келтіру қаупін тудырған, жасалған кінәлі іс.

Әкімшілік құқық бұзушылық - жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның әкімшілік жауапкершілігі көзделген заңсыз, кінәлі әрекеті немесе әрекетсіздігі.

Әкімшілік жауапкершілік, егер аталған құқық бұзушылықтар сипаты жағынан заңнамаға сәйкес қылмыстық жауапкершілік тудырмайтын болса, туындайды.



КІНӘСІЗДІК ПРЕЗУМЦИЯСЫ



Кез келген адам оның қылмыс жасаудағы кінәсі заңмен белгіленген тәртіпте дәлелденбейінше және сол дәлел соттың тиісті, заңды күшіне енген (сол елдің заңына сай) шешімімен (үкімімен) расталмайынша мүлдем кінәсіз деп есептеледі.

ӘКІМШІЛІК ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТУ ЖАСЫ

Әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік **16 жастан** басталады. Бірақ кейбір қылмыстар бар, олар үшін қылмыстық жауапкершілік **14 жастан** басталады.

Қамауға алу, тінту және жауап алу

МАҢЫЗДЫ!


ТЖ кезінде ересек адам және кәмелетке толмаған тұлға келесі жағдайларда көшеде қамауға алынуы, жауапкершілікке тартылуы, тінтілуі мүмкін:

а) коменданттық сағат ережелерін бұзу;

б) ТЖ талаптарын бұзу.

Әкімшілік қамауға алу – құқық бұзушылықтың алдын алу немесе іс жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында адамның жеке бас бостандығын қысқа мерзімге шектеу.

Қамауға алған кезде **әкімшілік хаттама** толтырылады. Бұл өте маңызды құжат, сіз міндетті түрде оны оқып, көшірмесін алуыңыз керек.



Хаттама мынадай ақпаратты қамтиды:

1. күні мен уақыты (дәл минутқа дейін)
2. оны толтырған жері;
3. хаттаманы толтырған адамның лауазымы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері;
4. қамауға алынғанның жеке басы туралы мәліметтер;
5. қамауға алудың уақыты, орны және негіздері.

Қамауға алынған тұлғаға оның құқықтары мен міндеттері түсіндіріліп, әкімшілік қамауға алу туралы хаттамаға тиісті жазба енгізіледі.

Қамауға алынған тұлғаға құқықтары мен міндеттерін түсіндірмеу әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді елеулі түрде бұзу болып табылады және жауапкершілікке тартуға әкеп соғады.



Әкімшілік қамауға алу 3 сағаттан аспауы мүмкін.

Қамауға алу кезінде жасөспірім оның құжаттарының және іс үшін маңызды басқа да заттардың бар-жоғын тексеру үшін тінтілуі мүмкін.

Жеке тінту:

- Тінтіліп жатқан адаммен жынысы бір тұлға сол жынысты екі куәгердің көзінше жүргізе алады;
- Қажетті жағдайларда фото және кино түсіру, бейнежазба жүргізіледі, заттай дәлелдемелерді бекітудің басқа да белгіленген әдістері қолданылады;
- Жеке тінту хаттамасы толтырылады.

Жасөспірім қылмыс жасады деген күдікпен ұсталуы мүмкін. Бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалуы мүмкін қылмыс жасады деген күдік бар адам мынадай негіздердің бірі болған кезде қамауға алынуы мүмкін:

- 1) Адам қылмыс жасау кезінде немесе оны жасағаннан кейін бірден ұсталса;
- 2) Көзімен көргендер (куәгерлер), оның ішінде жәбірленушілер осы адамның қылмыс жасағанын тікелей айтса немесе оны Қылмыстық-процестік кодексте белгіленген тәртіпте ұстаса;
- 3) Осы адамнан немесе оның киімінен, заттарынан немесе баспанасынан қылмыстың айқын іздері табылса;
- 4) Жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыс туралы сенімді ақпарат болса.



Кәмелетке толмаған тұлға қылмыс жасады деген күдікпен жиырма төрт сағаттан аспайтын мерзімге, ерекше жағдайларда жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге қамауға алынуы мүмкін.

Кәмелетке толмаған тұлғадан жауап алу күндізгі уақытта жүргізіледі және үзіліссіз екі сағаттан артық, ал жалпы күніне төрт сағаттан артық жалғаса алмайды. Кәмелетке толмаған тұлғаның шаршағаны айқын байқалса, жауап алу айтылға уақыт өткенге дейін тоқтатыла тұруы тиіс! Балалары арнайы мекемелер мен ұйымдарға орналастырылғаны туралы ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне міндетті түрде хабарлануы тиіс.

Кәмелетке толмағандар арнайы мекемелер мен ұйымдарға орналастырылған кезден бастап оларға қорғаушымен жеке және құпия кездесуге рұқсат етіледі.

Кәмелетке толмаған күдіктіден, айыпталушыдан, сотталушыдан жауап алу қорғаушының, заңды өкілдің, қажет болған жағдайда психолог пен педагогтың қатысуымен жүргізіледі. Қорғаушы жауап алынатын тұлғаға сұрақтар қоюға, ал жауап алу аяқталғаннан кейін хаттамамен танысып шығуға және түсініктердің дұрыс және толық жазылғанына қатысты ескерту жасауға құқылы.

ЖАУАПКЕРШІЛІК

Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін жасөспірімге мынадай жауапкершілік шаралары қолданылуы мүмкін:

- Ескерту
- Айыппұл

10 айлық есептік көрсеткіштен аспауы керек. Егер жасөспірімнің айыппұл төлеуге жеткілікті мүлкі болмаса, айыппұл ата-анасына немесе олардың орнындағы адамдарға салынады.

- Әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралы немесе заты **болған затты**, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық нәтижесінде алынған **мүлікті тәркілеу**;



- **Арнайы құқықтан айыру** - кәмелетке толмағандарға 1 жылдан аспайтын мерзімге тағайындалуы мүмкін;

- **Қызметті тоқтату немесе ол қызметпен айналасуға тыйым салу;**

- **Тәрбиелік ықпал ету шаралары:**

- 1) заңды түсіндіру;

- 2) келтірілген зиянды өтеу міндетін жүктеу;

- 3) кәмелетке толмаған тұлғаның бос уақытын шектеу немесе жүріс-тұрысына ерекше талаптар қою (мысалы, белгілі бір орындарға баруға, бос уақыт өткізудің белгілі бір түрлерін, оның ішінде көлік құралын басқарумен байланысты түрлерін пайдалануға тыйым салу, белгілі бір уақыттан кейін үйден тыс жерде болуды, басқа елді мекендерге рұқсатсыз саяхаттауды шектеу). Бұл шараны қолдану мерзімі 3 айдан 6 айға дейін белгіленеді.

* Кәмелетке толмаған тұлғаға әкімшілік жаза тағайындау кезінде оның өмір сүру және тәрбие алу жағдайы, психикалық даму деңгейі, басқа да тұлғалық қасиеттері, сондай-ақ өзінен ересек адамдардың ықпалы ескеріледі.

Қылмыс жасағаны үшін жасөспірім келесі жауапкершілік түрлері бойынша жауапқа тартылуы мүмкін:



Белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру

кәмелетке толмағандарға 1 жылдан 2 жылға дейінгі мерзімге тағайындалады;

Айыппұл

айлық есептік көрсеткіштің 5-тен 100-ге дейінгі мөлшерінде тағайындалады;

* Айыппұл кәмелетке толмаған сотталғанның дербес табысы немесе өндіріп алуға болатын мүлкі болған жағдайда ғана тағайындалады.

Түзеу жұмыстары

дербес табысы немесе өзге де тұрақты кірісі бар кәмелетке толмағандарға айлық есептік көрсеткіштің 5-тен 100-ге дейінгі мөлшерінде тағайындалады;

Қоғамдық жұмысқа тарту

10 сағаттан 75 сағатқа дейінгі мерзімге тағайындалады, кәмелетке толмағанның орындауы мүмкін жұмыстарды орындаудан тұрады және ол оқудан немесе негізгі жұмыстан бос уақытында орындайды.

Орындау ұзақтығы:

- 16 жасқа толмаған тұлғаларға күніне 2 сағаттан аспауы керек
- 16 мен 18 жас аралығындағы тұлғаларға - күніне 3 сағат

Бас бостандығын шектеу

2 жылға дейін тағайындалады

Бас бостандығынан айыру

Халықаралық стандарттарға сәйкес төтенше және уақытша шара ретінде ғана қолданылады

10 жылдан аспайтын мерзімге тағандалуы мүмкін, ал ауырлататын мән-жайларда адам өлтіру немесе лаңкестік әрекет немесе қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы, оның бірі ауырлататын мән-жайларда адам өлтіру немесе лаңкестік әрекет үшін - 12 жыл



Ауыр емес немесе адам өлтірумен байланысты емес орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған кәмелетке толмағандар үшін бас бостандығынан айыру жазасы **ТАҒАЙЫНДАЛМАЙДЫ!**

Кәмелетке толмағандарға тәрбиелік мәжбүрлеу шаралары да қолданылуы мүмкін:

Ескерту

Ата-анасының немесе олардың орнындағы адамдардың немесе мамандандырылған мемлекеттік органның қадағалауына беру



Келтірілген зиянды өтеу міндеті

кәмелетке толмағанның мүліктік жағдайы және тиісті еңбек дағдыларының болуы ескеріле отырып тағайындалады.

Кәмелетке толмаған тұлғаның бос уақытын шектеу және жүріс-тұрысына ерекше талаптар қою

мысалы, белгілі бір жерлерге баруға, бос уақыт өткізудің белгілі бір түрлерін, соның ішінде көлік құралын басқаруға байланысты түрлерін пайдалануға тыйым салу, тәуліктің белгілі бір уақытынан кейін үйден тыс жерде болуды, басқа елді мекендерге баруды шектеу, оқу орнына қайта оралуды, оқуын жалғастыруды немесе аяқтауды, жұмысқа тұруды талап ету.

Ерекше режимдегі білім беру ұйымына орналастыру


орташа ауырлықтағы қасақана қылмыс немесе ауыр қылмыс жасаған кәмелетке толмаған тұлғаға сот 6 айдан 2 жылға дейінгі мерзімге тағайындауы мүмкін.

Жәбірленушіден кешірім сұрау міндетін жүктеу

Пробациялық бақылауды орнату

1 жылға дейінгі мерзімге белгіленеді.

* Кәмелетке толмаған тұлғаға әкімшілік жаза тағайындау кезінде оның өмір сүру және тәрбие алу жағдайы, психикалық даму деңгейі, басқа да тұлғалық қасиеттері, сондай-ақ өзінен ересек адамдардың ықпалы ескеріледі.





БАЙЛАНЫС МӘЛІМЕТТЕРІ

ТЖ кезінде сіз қиындықтармен және қорқынышпен бетпе-бет қалмайсыз, Қазақстанда барлық мемлекеттік қызметтердің сенім телефондары және баламалы сенім телефондары тәулік бойы жұмыс істейді.

Call орталықтардың нөмірлеріне қоңырау шалу тегін.

Ведомство	Call center
ҚР Білім министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті	Telegram канал: https://t.me/bala_qorgau 8 (7172) 74-25-28
ҚР Бас прокуратурасы	115
ҚР Ішкі істер министрлігі	1402
ҚР Төтенше жағдай министрлігі	112
Кәсіби психологиялық көмек көрсету бойынша 1414 бірыңғай колл-орталық базасындағы жедел желі	1414
Балалар мен жастарға арналған ұлттық сенім телефоны	150 http://www.telefon150.kz/
Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл	8-(7172)-74-05-48 8-(7172)-74-05-42
Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары жөніндегі уәкіл	8 (727) 267-67-12 info@bala-ombudsman.kz

«Дағдарыс орталықтарының одағы» ЗТБ	8-708-10-608-10 8-(727)-376-40-82
«Адам құқықтарының мониторинг орталығы» қоғамдық қоры	8-701-716-42-58
«Қазақстанның балалар қоры» қоғамдық қоры	8 (727)-292-19-41
«Адам құқықтары және заңдылықты сақтау жөніндегі қазақстандық халықаралық бюро» қоғамдық бірлестігі	8-(727)-249-59-62

Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өкілдері өңірлерде 2022 жылдан бері жұмыс істейді:

Алматы	Малдыбаев К.М.	8-775-515-86-95
Астана	Галиев М.Т.	8-701-518-10-13
Ақтөбе	Байдуллина А.Ж.	8-705-604-89-28
Ақмола облысы	Таженова Д.К.	8-701-999-88-29
Атырау облысы	Абилдаев А.С.	8-777-999-43-73
Шығыс Қазақстан облысы	Мизанбеков С.М.	8-701-351-43-08
Жамбыл облысы	Байхожаев Б.У.	8-701-100-46-50
Жетісу	Алмесеков С.Н.	8-707-726-16-58
Батыс Қазақстан облысы	Жұбаныш А.С.	8-775-409-58-43
Қарағанды облысы	Тлешев А.Н.	8-701-557-90-22

Қостанай облысы	Есимов А.А.	8-777-302-89-77
Қызылорда облысы	Шарипбаев Д.С.	8-775-921-07-99
Маңғыстау облысы	Кипшакбаева Ж.Е.	8-705-236-51-02
Солтүстік Қазақстан облысы	Жумабаев Ж.Ж	8-701-362-44-97
Павлодар облысы	Жакупов А.А.	8-707-799-77-21
Түркістан облысы	Кожабекова Н.С.	8-701-756-20-88
Шымкент	Абдеев Н.А.	8-775-700-11-11

Қазақстандағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметі туралы QR-код арқылы өтіп, әлеуметтік желілерді толығырақ білуге болады.



Өңірлерде Бала құқықтары жөніндегі уәкілдің өкілдері де жұмыс істейді. Бала құқықтары жөніндегі уәкілдің өкілдері қоғамдық негізде жұмыс істейді және қоғамдық ұйымдардың өкілдері арасынан таңдалған, өңірлердегі әкімдердің қоғамдық кеңесшілері болып табылады.

Астана	Бимендина Ә.Т.	8-775-515-86-95
Алматы	Ажигулова Х.К.	8-777-205-55-82, khazhigulova@gmail.com
Шымкент	Жазыкбаева Ж.К.	8-701-203-41-84 zhanetta71@mail.ru
Абай облысы	Жунусова Э.А.	8-777-213-75-00 elzira@list.ru
Ақмола облысы	Асаинова А.А.	8-705-519-36-15 centr_shanc_akmola@ mail.ru
Ақтөбе облысы	Аймағамбетов Е.Қ.	8-702-227-21-68 Info@ybyrai.com
Алматы облысы	Есимбекова А.К.	8-777-888-16-88 y.aigul@mail.ru
Атырау облысы	Нугманова А.Б.	8-701-503-89-89 arai-nugman@mail.ru
Шығыс Қазақстан облысы	Каленова А.А.	8-777-153-82-28 aksana_kalenova@mail.ru
Жетісу облысы	Сисекенова Р.М.	8-701-938-94-96 raikhan.sissekenova@ ucentralasia.com
Жамбыл облысы	Багжанов Д.О.	8-747-187-76-47 Dauren_1978@mail.ru

Ұлытау облысы	Жаппасова Г.А.	8-776-976-76-00 g.zhappassova@uef.kz
Батыс Қазақстан облысы	Утебалиева Ш.С.	8-775-370-57-30 sh.u89@mail.ru
Қарағанды облысы	Киселева И.Б.	8-701-444-39-74 iradenti@mail.ru
Қостанай облысы	Аманкулова А.Ж.	8-705-286-88-50 zarya.kost@mail.ru
Қызылорда облысы	Ұзақбаева Ж.Б.	8-702-782-57-17 Zhampirak73mail.ru
Маңғыстау облысы	Болатбаева Т.А.	8-701-463-33-09 Jpkta@mail.ru
Павлодар облысы	Покидова Н.С.	8-775-359-34-60 Pokidova79@mail.ru
Түркістан облысы	Вероцкая Г.Е.	8-702-902-18-81 Job.gulzhan@mail.ru
Солтүстік Қазақстан облысы	Сураганова С.К.	8-705-320-60-63 saule_suraganova@mail.ru